



050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5
тел.: 8 (727) 382-35-15, факс: 8 (727) 382-35-56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5
тел.: 8 (727) 382-35-15, факс: 8 (727) 382-35-56

№3 ҚАУЛЫ
31 қаңтар 2021 ж.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ №3
31 января 2021 г.

**Алматы қаласында коронавирустық инфекцияның
алдын алу жөніндегі шектеу шаралары және оларды
кезең-кезеңімен жеңілдету туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі-COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 1-тармақшасына және «карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы № 68 қаулысына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68 қаулысының, сондай-ақ Алматы қаласындағы келесідей шектеулер мен рұқсаттардың орындалуын қамтамасыз етсін:

1) ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

2) ойын-сауық мекемелерінің (банкет залдары, бильярд, компьютер, түнгі және ойын клубтары, караоке, боулинг, жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар, букмекерлік кеңселер) қызметіне тыйым салуды;

3) 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне тыйым салуды;

4) маусымдық балаларды сауықтыру ұйымдарының (лагерьлердің) қызметіне тыйым салуды;

5) коронавирустық инфекцияның жеңіл және орташа нысандарымен ауыратын науқастарды міндетті түрде ауруханаға жатқызуды, симптомсыз нысандар – үй карантинін сақтау үшін жағдайлар болмаған кезде ауруханаға жатқызуды;

6) СОСО, сауда үйлерінің қызметін жексенбі күндері тыйым салумен сағат 10.00-ден 23.00-ге дейін шектеуді;

7) әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып, өнеркәсіп және құрылыс объектілерінің жұмысына (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда) рұқсат етуді;

8) туристік компаниялардың, бизнес орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.) жұмысына рұқсат етуді;

9) медициналық ұйымдардың, дәрiханалардың, мұражайлардың, кітапханалардың, гүл дүкендерінің, фотосалондардың жұмысына рұқсат етуді;

10) азық-түлік және азық-түлік емес дүкендердің, шағын маркеттердің жұмысына рұқсат етуді;

11) жеке тұрған және ірі сауда объектілерінде орналасқан азық-түлік супермаркеттерінің, азық-түлік дүкендері мен дәрiханалардың штаттық режимде ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып жұмыс істеуіне рұқсат беруді;

12) азық-түлік және азық-түлік емес ашық базарлардың жұмыс күндері және демалыс күндері штаттық режимде, жабық базарлардың штаттық режимде жұмыс істеуіне жексенбі күндерін қоспағанда, толтырылуы 30% - дан аспайтын және бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес, әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып рұқсат етуді;

13) қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметін (үй-жайда), оның ішінде сауда ойын-сауық орталықтарында орналасқан, сағат 7.00-ден 23.00-ге дейін және шоттар бойынша төлемді 22.00-ге дейін жабумен (толтырылуы 50% - ға дейін, бірақ 50 орыннан артық емес, әр үстел үшін 4 отыратын орын, әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, термометрияны, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақтай отырып) ұжымдық іс-шаралар өткізбей шектеуді;

14) фудкорт үшін жұмыс істейтін қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне уақыты бойынша шектеусіз тек сауда ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлерінен тыс жерлерге шығаруға және жеткізуге рұқсат етуді. Фудкорт аймағы жабуды;

15) қоғамдық тамақтану объектілерінің үй-жайларда және ашық ауада, отыруға арналған орындарсыз шығаруға (алып кетуге) жұмыс істеуіне рұқсат етуді;

16) Ауданы 1000 ш.м. астам сауда объектілеріне (СОСО, СУ, базарлар), қоғамдық тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға (автобус, троллейбус, метро) келушілердің өз объектілерінде әлеуметтік қашықтықты және маска режимін сақтауын тұрақты бақылау үшін санитариялық патрульдер қалыптастыруды;

17) өнеркәсіптік, құрылыс және өзге де ұйымдардың жұмысшыларын технологиялық процесс жұмыс орнында болуын қажет ететін және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды, ұйымдарды мен объектілерді қоспағанда, қызметкерлер саны 15 және одан көп адам болатын ұйымдар жұмысшыларының 80%-ы қашықтықтан жұмыс істеу режиміне көшіруді. Ұйымдардың қашықтан жұмыс істеу режиміне ауысуын бақылау алгоритмін әзірлеуді және қолданысқа енгізуді;

18) ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, қоғамдық көліктің қызметін уақытын шектемей (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толымдылық);

19) банктердің, «Қазпочта» АҚбөлімшелерінің, ХҚКО жұмысын сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін халықты алдын ала жазылу бойынша қабылдауды (әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, термометрияны, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау) шектеуді, ХҚКО-дағы ауаны экрандалған бактерицидті қондырғылармен залалсыздандыруды және күту залдары мен үй-жайлардың ішке сору-сыртқа тарату желдеткішін қамтамасыз етуді;

20) мәдениет объектілерінің (репетиция) қызметіне 30 адамға дейін қатысумен, театрлардың, кинотеатрлардың толтыру 20%-дан артық емес толтырылған кезде рұқсат беруді;

21) ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, аттракциондардың ашық ауада жұмыс істеуіне рұқсат беруді;

22) діни объектілердің қызметіне ұжымдық іс-шаралар (намаз және Құдайға құлшылық ету) өткізбей рұқсат беруді;

23) ашық ауада жеке және топтық жаттығуларға рұқсат беруді (топта 5 адамнан артық емес);

24) Ұлттық құрамалар, клубтық командалар үшін спорттық жаттығуларға рұқсат беруді (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру);

25) спорттық-сауықтыру және фитнес-орталықтардың қызметіне әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып рұқсат беруді;

26) 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға арналған спорт кешендерінің қызметіне рұқсат беруді;

27) ұлттық күнтізбемен бекітілгендерді қоспағанда, жабық үй-жайларда өткізілетін спорттық жарыстарға тыйым салуды;

28) уақыт шектеуінсіз монша қызметіне рұқсат етуді;

29) жексенбі күндері тыйым салумен сауналардың, СПА-орталықтардың, бассейндердің жұмысын 6.00-ден 21.00-ге дейін шектеуді;

30) облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдардың қызметіне 300 км-ден аспайтын қашықтыққа рұқсат етуді;

31) қоғамдық көлікке, әуежайларға, ауладағы балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

32) тұрғын үй саясаты басқармасы COVID-19 белсенді ошақтары бар үйлердегі кіреберістер мен лифттерді аптасына 3 рет, Дезинфекция орталығына-

коронавирустық инфекция ошағын қорытынды дезинфекциялау кезінде 1 рет; дезинфекциялық өңднуді;

33) мемлекеттік органдардың қызметкерлерін (әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің, прокуратураның, полицияның, Алматы қаласы ТЖД аудандық бөлімшелерімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, соттардың, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, әлеуметтік қорғаудың), сондай-ақ волонтерлерді (әкімдіктердің ұсынған тізімдеріне сәйкес), мәйітхана және сот-медициналық сараптама қызметкерлерін ай сайын бір реттік зертханалық тексеруді қамтамасыз етуді»;

34) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беруді;

35) маскалық режимді және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) баруға рұқсат беруді;

36) қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар мен объектілерді қоспағанда, көзбе-көз режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге тыйым салуды;

37) «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» және «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

38) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы және санаториялық үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

39) топтарды толтыру кезінде 15 адамнан артық емес. алдын ала жазылу бойынша балалардың түзету кабинеттерінің, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат беруді;

40) әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып, байланыссыз қызметтердің (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттер жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша қызметтер және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;

41) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 25.12.2020 ж. №68 қаулысына 4-қосымшасына сәйкес критерийлер негізінде әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысына рұқсат беруді және шектеуді.

2. Алматы қаласы аудандарының әкімдері:

1) Қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылау. Бұзушылықтар анықталған жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолдану;

2) қызметі шектелмеген объектілерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысымен белгіленген объектілерге қойылатын талаптарды сақтай отырып, ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 желтоқсандағы № 68 қаулысына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2020 жылғы 30 шілдедегі №6 хаттамасының 2.6-тармағын басшылыққа ала отырып, объектілердің қызметін қайта бастау.

3. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы «Алматы қаласында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі одан әрі шектеу шаралары туралы» №2 қаулысының, 2020 жылғы 30 қазандағы «санитариялық-эпидемияға қарсы санитарлық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу туралы» №2 қаулысының, 26.10.2020 ж. «Алматы қаласында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі одан арғы шаралар туралы» 26.10.2020ж. №64 қаулысының, «Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 26.10.2020 ж. № 64 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 09 қарашадағы №65, 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 66 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы 2021 жылдың 01 ақпаннан бастап соң күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин